



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M02120 –Дизайн. Графикалық дизайн

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	<p>Графикалық дизайн бағыты бойынша (салада) кәсіби құзыреттілікке ие, ғылыми-педагогикалық, зерттеу және басқару қызметін жүзеге асыруға қабілетті қоғамдық ұйымдарда қажеттілікті қамтамасыз ететін мамандардың сапасына қойылатын өсіп келе жатқан талаптарды қанағаттандыратын, жаңа утилитарлық технологияларды құру мен енгізуді, дизайнерлік жобаларды қолдану аясын кеңейтуді қамтамасыз ететін құзыреттер жиынтығына ие Өнер магистрлерін даярлау.</p>
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	<p>Графикалық дизайн, өнер және мәдениет саласындағы шығармашылық ұйымдар, сонымен қатар ғылыми қызмет, басқару жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, дизайнмен және оның тенденцияларымен байланысты.</p> <p>Жаңа жобалар мен технологияларды, өндіріске арналған ақпараттық-басқару жүйелерін әзірлеу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді қоса алғанда, ғылыми-педагогикалық сала; оқу-педагогикалық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру.</p>

## Оқу НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

PO1-мәдениет пен өнер әлеуетін пайдалана отырып, қазіргі ғылымның философиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени және психологиялық аспектілерін, сондай-ақ тиімді мәдениетаралық коммуникация техникасын бейімдеу;

PO 2-өз жұмысында зерттеулер жүргізу және жаңа бағыттар құру кезінде іргелі ғылымдар білімін пайдалану;

PO3-міндеттерді қою, әдістерді таңдау, зерттеулер жүргізу, олардың нәтижелерін ғылыми-шығармашылық және зерттеу есептері, ғылыми баяндамалар мен жарияланымдар түрінде түсіндіру және ұсыну;

PO4-дизайн саласындағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқытушылық және оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ өнер мекемелерінде білім беру және ағарту қызметін жүргізу;

PO5-оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу;

PO6-іргелі білім негізінде кәсіби қызмет барысында туындайтын мәселелерді шешу

PO 7-конструкторлық, технологиялық процестердің негізгі даму үрдістерін анықтау және оларды жетілдіру жолдарын табу

PO 8-дизайн өнімін жаңарту немесе инновациялық шешімдер жасау мақсатында оның сапасын талдау;

PO9-компанияның және шағын кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлау;

PO10-ұжымның жұмысын ұйымдастырады, әріптестермен өзара іс-қимыл жасауға және серіктестермен ынтымақтастыққа қабілетті, корпоративтік қызметке қатысады.